

Қазақстан Республикасы аумағында кеден жеңілдігін пайдаланатын ұйымдар мен жеке тұлғалардың заттарына мемлекеттік кеден бақылауының ережелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылғы 12 маусымдағы N 124-П бұйрық, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 16 маусымда тіркелді. Тіркеу N 319. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 6 бұйрығымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М е м л е к е т т і к к е д е н

комитеті

К Е Л І С І Л Д І

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і н і н

орынбасары

I. Жалпы жағдайлар

Осы Ереже Қазақстан Республикасында тіркелген шет мемлекеттердің өкілдіктеріне, шет мемлекеттер өкілдіктерінің лауазымды адамдарына, шет мемлекеттер өкілдіктерінің әкімшілік-техникалық және қызмет көрсетушілеріне, жоғарыда аталған адамдардың отбасы мүшелеріне тиесілі заттарға 1961 жылғы дипломатиялық жақындықтар туралы Вена конвенциясы, консулдық жақындығы туралы Вена конвенциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының 223-232 баптарына сәйкес мемлекеттік кеден бақылауының тәртібін реттейді.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар өткізу кезінде мемлекет мүддесін сақтауды, тауарларды өткізу кезінде рұқсат ету тәртібін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған, Осы Ереженің әрекеті Қазақстан Республикасынан әкетілетін және Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің атына Қазақстан Республикасына әкелінетін барлық тауарларға қолданылады.

Осы Ережеде былайша түсіндіріледі:

- "Қазақстан Республикасының аумағында кеден жеңілдігін пайдаланатын ұйымдар мен жеке тұлғалардың иелігіндегі заттар" дегеніміз, Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізілетін Қазақстан Республикасының аумағында кеден жеңілдігін пайдаланатын ұйымдардың ресми (қызмет бабында) пайдалануына арналған, Қазақстан Республикасының аумағында кеден

жеңілдігін пайдаланатын жеке тұлғалардың пайдалануына арналған заттар;

- "шет мемлекеттердің өкілдіктері" дегеніміз Қазақстан Республикасының аумағындағы кедендік жеңілдіктер берілген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері, шет мемлекеттердің консулдық мекемелері;

- "шет мемлекеттер өкілдіктерінің лауазымды адамдары" дегеніміз, дипломатиялық өкілдіктердің басшылары және дипломатиялық құрамының мүшелері, консулдық лауазымды адамдар;

- "шет мемлекеттер өкілдіктерінің әкімшілік-техникалық құрамы" дегеніміз, дипломатиялық өкілдіктердің әкімшілік-техникалық құрамының мүшелері, консулдық мекемелердің консулдық қызметкерлері;

- "қызмет көрсететін құрамы" дегеніміз, дипломатиялық өкілдіктерге қызмет көрсететін құрамның мүшелері, консулдық мекемелерге қызмет көрсететін құрамның қызметкерлері;

- "отбасы мүшелері" дегеніміз, Қазақстан Республикасы аумағында кедендік жеңілдіктерді пайдаланатын адаммен бірге тұратын немесе оларды сапарға ертіп жүретін отбасы мүшелері.

Осы Ережеде қарастырылған кедендік жеңілдіктер шет мемлекеттер өкілдіктерінің лауазымды адамдарының отбасы мүшелеріне, егер осы отбасы мүшелері аталған адамдармен бірге тұрса және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса қолданылады. Сондай-ақ, кедендік жеңілдіктер осы өкілдіктердің әкімшілік-техникалық және көмекші құрамының отбасы мүшелеріне, егер олар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмаса немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұрмаса және Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен арнайы келісімінің негізінде ғана қолданылуы мүмкін.

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары немесе құқықтық актілерімен артықшылықтар мен төзімшілдіктің басқадай бір көлемі белгіленбесе, онда осындай шарттар мен актілердің ережелері қолданылады.

2. Ресми (қызмет бабында) және жеке пайдалану заттары

Қазақстан Республикасының аумағындағы шет мемлекеттердің өкілдіктері, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізудің белгіленген ережесін сақтаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанындағы дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс істеу жөніндегі департамент арқылы кеден органдарына үндеумен, Қазақстан Республикасының заңдылығымен бекітілген бөлінген орыннан тыс немесе Қазақстан Республикасының кеден органдарының жұмыс уақытынан тыс кезде тауарларды сақтау, кедендік ресімдеу төлемдерінен басқа, өкілдіктердің ресми (қызмет бабы) пайдалануына арналған кеден төлемдерінен босатылған заттарын әкеле алады. Көрсетілген тауарлар кедендік тексеруден босатылмайды.

Шет мемлекеттер өкілдіктерінің ресми (қызмет бабында) пайдалануына арналған және белгіленген тәртіппен тіркелген адамдардың жеке пайдаланатын тауарлары, Қазақстан Республикасының кеден органдарына кедендік жүк декларациясын, Т-6 түрдегі (жеке тұлғалар үшін) кеден декларациясын және міндетті түрде есепке алынатын заттарды Қазақстан Республикасынан қайта әкету туралы міндеттемені (N 1-қосымша) көрсету жолымен кедендік ресімдеуге жатады. Үйге қажетті арзан заттарға, киімге, шағын мөлшердегі баспананы жөндеуге пайдаланылатын тауарларға, сондай-ақ өкілеттік мақсатта әкелінетін 500 АҚШ долларына дейінгі шектегі сыйлық түріндегі тауарларға қайта әкету туралы міндеттеме талап етілмейді.

Шет мемлекеттердің өкілдіктері кеден жеңілдігін берумен және экономикалық реттеу шараларын қолданбаумен тоқсан сайын: - 5000 дана темекі бұйымдарын (сигар, темекі және т.б.); - 100 литр шарап және ликерарак өнімдерін әкелуіне болады.

Кеден жеңілдігі берілуімен еркін айналым үшін режимге жіберілген тауар, шартты түрде жіберілді деп есептеледі. Жеке меншік құқық тауармен бірге бір адамның екіншісіне беруі, Қазақстан Республикасының аумағында кеден жеңілдігін пайдаланатын тұлғаға беру жағдайынан басқа кезде, Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен қарастырылған барлық кеден төлемдері және салықтарын төлеумен шешіледі.

Шет мемлекеттік дипломатиялық өкілдігінің басшысы, шет мемлекет өкілдігінің дипломатиялық құрам мүшелері, консулдық лауазымды адамдар, сондай-ақ олармен бірге тұратын отбасы мүшелерінің иелігіндегі жүктер, егер онда Қазақстан Республикасына әкелуге ҚР заңдылығымен тыйым салынған немесе арнайы ережелермен реттелетін яки жеке немесе ресми пайдалануға арналмаған заттар болмаса, кеден тексеруінен босатылады. Мұндай жүктерді тексеру көрсетілген адамдардың немесе олардың өкілетті өкілдерінің қатысуымен ғана жүргізілуі мүмкін.

Өздерінің қызметіне тұруға яки сол қызметіне қайтып келе жатқан немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өз еліне кетіп бара жатқан шет мемлекеттер өкілдіктері лауазымды адамдарының жеке жүгіне де осындай тәртіп қолданылады.

Қазақстан Республикасына әкелінген шетел валютасы, шетел валютасындағы қор құндылықтары, қымбат металдар, тастар мен олардан жасалған бұйымдар, тарихи және мәдени құндылықтарды иесі немесе оның өкілетті өкілі кеден органына көрсетеді. Кеден органдары бұл бағалы заттарды Қазақстан Республикасынан кедергісіз қайта алып кетуге құқық беретін тиісті құжаттар б е р е д і .

Қазақстан Республикасының аумағында алынған шетел валютасы, шетел

валютасындағы қор құндылықтары, қымбат металдар, тастар және олардан жасалған бұйымдар шетелге Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес әкетіледі.

Мәдени құндылықтар міндетті түрде Білім және мәдениет министрлігінде тіркеуден өтуі тиіс және оларды куәландыратын құжаттар, сондай-ақ құндылықтардың өздері одан әрі кедендік ресімдеу мен бақылау үшін Қазақстан Республикасының кеден мекемелеріне көрсетіледі. Қазақстан Республикасының аумағында алынған мәдени құндылықтар шетелге Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігінің рұқсатымен, Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен қарастырылған кеден төлемдерін төлеген соң әкетілуі мүмкін.

Апат яки дүлей күш салдарынан тауарлардың жойылу немесе қайтарусыз жоғалу, табиғи тозу күшіне кемдік немесе көлікпен тасу және сақтаудың қалыпты жағдайында зиян келуі яки Қазақстан Республикасының заңдылықтары бойынша шет мемлекеттің органы немесе лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттері салдарынан иеліктен алыну фактілері құжатпен куәландырылады.

3. Ресми және жеке пайдалануға арналған автокөлік

Шет мемлекеттіктердің өкілдіктерінің ресми (қызмет бабында) пайдалануына арналған автокөлік, Қазақстан Республикасының Орталық кеден органы белгілеген тәртіпке сәйкес, кеден органдарына кедендік жүк декларацияларын беру жолымен декларациялауға жатқызылады. Қазақстан Республикасының кеден аумағында тіркелген жеке тұлғалардың жеке пайдалануы үшін арналған автокөлік, кеден органдарына Т6/АС түріндегі кеден декларациясын (N 2 қосымша) және Қазақстан Республикасынан қайта шығу туралы міндеттемені (N 3 қосымша) көрсету арқылы кедендік ресімдеуге жатады. Сонымен бірге, кеден жеңілдігі берілумен еркін айналым үшін режимге жіберілген автомобильдер, шартты түрде жіберіледі деп есептеледі. Автомобильге меншік құқын бір тұлғаның екіншісіне беруі, Қазақстан Республикасының аумағында кеден жеңілдігін пайдаланатын тұлғаға беру жағдайынан басқа кезде, Қазақстан Республикасы заңдылықтарында қарастырылған барлық кеден төлемдері және салықтарын төлеумен шешіледі.

Көлік құралын әкелген елдегі тіркеуден шығару туралы белгісі бар болса, әкелінген немесе сатып алынған автокөлік құралдарына кедендік рәсімдеуді жүргізген Қазақстан Республикасының кеден органдары, Қазақстан Республикасының шекаралық кеден органы берген ішкі кеден транзиттің құжаты немесе көлік құралын Қазақстан Республикасына жүк түрінде әкелгенін растайтын құжат негізінде ПМ МАИ органдарына тіркеуге рұқсат қағазын (N 4 қосымша) береді.

Дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін әкелінетін автомобильдердің санын Қазақстан Республикасының Сыртқы

істер министрлігі анықтайды. Шет мемлекеттер өкілдіктерінің лауазымды адамдары әр отбасына екі автомашина, әкімшілік-техникалық және қызмет көрсетуші құрамның адамдары отбасына бір автомобильді кеден төлемі мен салығын төлемей әкелуіне рұқсат етіледі.

Автомобильді шетелге түбегейлі алып кету кезінде оны шетелге шығаруға рұқсат алу үшін кеден органының бақылауы мен Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ бөлімшелеріндегі есептен шығару қажет.

4. Дипломатиялық почта, дипломатиялық курьерлердің жеке жүгі

Дипломатиялық почта арқылы кедергісіз байланыс орнату құқын Қазақстан Республикасы дипломатиялық және консулдық қарым-қатынас жасайтын мемлекеттердің сыртқы істер министрліктері (ведомстволары), Қазақстан Республикасында тіркелген, өз мемлекеттерінің үшінші елде өкілдіктері бар осы мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық өкілдіктері пайдаланады.

Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өтіп бара жатқан дипломатиялық почтаны ашуға да, тоқтатуға да болмайды. Дипломатиялық почтаны құрайтын барлық түйіншектерде өздерінің жай-жапсарын білдіретін көрнекті сыртқы белгілері болуы керек және оның ішінде тек қана ресми пайдалануға арналған дипломатиялық құжаттар мен заттар болуы тиіс.

Дипломатиялық курьерге оның статусы мен дипломатиялық почтаны құрайтын орындар көрсетілген ресми құжат (курьер парағы) беріледі. Құжатқа осыған өкілетті қызметкер қол қояды және дипломатиялық почтаны жөнелтуші мекеменің мөрімен куәландырылады.

Дипломатиялық почта сонымен бірге тек осы дипломатиялық почтаны алып бару үшін тағайындалған уақытша дипломатиялық курьерге сеніп тапсырылуы мүмкін (дипломатиялық курьер ad hoc) және оған ресми құжат (курьер парағы) беріледі. Уақытша дипломатиялық курьерге Ереженің осы бөлімінде қарастырылған кедендік жеңілдіктер беріледі. Мұндай жеңілдіктер дипломатиялық почтаны тиісті жеріне тапсырған сәттен бастап тоқатылады.

Дипломатиялық почта келуіне рұқсат берілген әуежайды бетке алған азаматтық әуе кемесінің командиріне сеніп тапсырылуы мүмкін. Бұл ретте әуе кемесінің командиріне дипломатиялық почтаны құрайтын орын санын көрсету арқылы ресми құжат (курьер парағы) беріледі, алайда ол дипломатиялық курьер болып саналмайды. Өкілдіктер дипломатиялық почтаны әуе кемесінің командирінен тікелей және кедергісіз алу үшін өз қызметкерлерін жібере алады.

Егер дипломатиялық почта ішкі кеден мекемесінің пунктінде орналасқан өкілдікке немесе ұйымға шетелдің көлік құралдары арқылы тікелей жеткізілсе, онда шекаралық кеден органының кедендік қамтамасыз етуіндегі мұндай почта ішке енгізу үшін қызмет аймағында осы өкілдік бар кеден органына жіберіледі. Осы кеден органы Қазақстан Республикасынан жөнелтілетін дипломатиялық

почтаны ресімдеуде де осылай жүргізеді.

тиісті түрде ресімделген және дипломатиялық курьердің алып жүруінсіз әдеттегі байланыс жолымен бара жатқан дипломатиялық почтаны ашуға да, тоқтатуға да болмайды.

Ереженің осы бөліміндегі жағдайлар консулдық курьерлер мен консулдық вализдерге де қолданылады.

Қазақстан Республикасының кеден органдары мемлекеттік кеден бақылауын жүзеге асыру кезінде дипломатиялық почтаның тек сыртын қарайды және 1961 жылғы дипломатиялық жақындық туралы Вена конвенциясы ұсынған дипломатиялық почтаға талаптың орындалуын тексереді. Осындай талаптарды орындамаған жағдайда заттар дипломатиялық почта болып танылмайды.

Қазақстан Республикасының аумағында кеден жеңілдігін пайдаланатын ұйымдар мен жеке тұлғалардың иелігіндегі заттарға кеден бақылауының Ережесіне

№ 1 қосымша

міндетті түрде есепке алынатын тауарлардың ТІЗБЕСІ

1. Моторлы көлік құралдарының барлық түрі;
2. Дербес компьютерлер мен оларға қажетті құралдар;
3. Керекті жарақтармен бірге теле-радио-видео аппараттар;
4. Шығарылған таспалары және фильмдерінен бірге кинокамералар және кинопроекторлар;
5. 300 АҚШ долларынан жоғары электротұрмыс құралдары;
6. Жиназ;
7. Сазаспартары;
8. Қымбат металдары және қымбат тастары бар жеке зергерлік әшекей заттары;
9. Қымбат бағалы спорт жарақтары.

Қазақстан Республикасының аумағында кеден жеңілдігін пайдаланатын ұйымдар мен жеке тұлғалардың иелігіндегі заттарға кеден бақылауының Ережесіне

№ 2 қосымша

Т-6/АС түрінде

**ҚАЗАҚСТАН
КЕДЕН ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

РЕСПУБЛИКАСЫ

Мен _____

(Аты-жөні, тұрғылықты мекен-жайы, жеке басын куәландыратын

құжат туралы мәлімет)

маркалы автомобиль

қозғалтқышының көлемі мен N _____

шассиінің N _____ қорабының N _____

тіркеу нөмірі _____

мынандай мақсатта: _____

(жеке пайдалануға, коммерциялық мақсатта,

уақытша әкелу/әкету, жөндеу және т.б.)

әкелдім (әкеттім).

_____ күні, айы, жылы _____ (Аты-жөні, қолы)

Кедендік бағасы _____

Көрсетілген құжаттар: _____

Кеден органының белгілері: _____

Инспектор _____

(жеке нөмірлі мөрімен расталған қолы)

Қазақстан Республикасының аумағында
кеден жеңілдігін пайдаланатын ұйымдар
мен жеке тұлғалардың иелігіндегі
заттарға кеден бақылауының Ережесіне

N 3 қосымша

**Қазақстан Республикасынан/на автокөлік құралдарын
қайта әкелу/әкелу туралы**

МІНДЕТТЕМЕ

Түрі мен зауыт маркасы _____

Қозғалтқышының N _____

Шассиінің N _____

Қорабының N _____

Тіркеу нөмірі _____

Иесі _____

(Аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы)

Қайта әкелу/әкету мерзімі _____

Автокөлік иесінің қолы _____

" _____ " _____ 199__ жыл

Кеденнің қызмет белгілері _____

ҚР аумағында кеден жеңілдігін
пайдаланатын ұйымдар мен жеке
адамдардың иелігіндегі заттарға
мемлекеттік кеден бақылауының
Ережесіне N 4 қосымша

_____ кеден бастығына
N _____ РҰҚСАТ ҚАҒАЗЫ

Ш е т е л д е н :
түрі мен маркасы _____; қозғалтқыш N _____
шассиінің N _____; қорабының N _____
автокөлік құралын әкелген
оның иесіне _____

(Аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы)
_____ қаласының Мемлекеттік автоинспекциясында тіркеуге
р ұ қ с а т е т і л д і

Жаңа иесіне _____
(Аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы)
қ а й т а т і р к е л с і н .

Инспектор: _____
(жеке нөмірлі мөрімен бекітілген қолы)

Кесу сызығы
N _____ РҰҚСАТ ТҮБІРШЕГІ

_____ нөмір белгісі берілді
" ____ " _____ 199 ____ жыл МАИ инспекторы _____
Түбіршек _____ кеденге тапсырылуы керек.